

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431

Талап еткенге дейінгі депозиттер белгісіз уақытта салымшылардың ағымдағы, есеп айырысу шоттарында болатын ақшалай қаражаттар, олар банкті алдын ала ескертусіз кез келген уақытта салымшылар мен алынуы, немесе басқа шотқа аударылуы мүмкін. Әдетте банк талап еткенге дейінгі салымдар бойынша ең төмен пайыз төлейді немесе мүлдем сыйақы төленбейді. Талап еткенге дейінгі депозиттер бірінші кезекте ағымдағы есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін арналған [4].

Мерзімді салымдар белгілі бір айдан жоғары мерзімге орналастырылады. Салымшы үшін ақшаларды ұзақ мерзімге салудың мәні жоғары пайыздарды табу болып табылады. Сондай-ақ банк үшін бұл депозит тиімді. Мерзімді салымдар меншікті мерзімді салымдап және кері алу туралы ескертуі бар мерзімді салымдар болып бөлінеді.

Жинақ салымдарының кеңірек тараған түрі кәдімгі жинақ шоты немесе жинақ кітапшасы бар шот деп аталатын жинақ салымы. Шот иесі шотқа ақша салу, одан кері алу үшін жинақ кітапшаларын міндетті түрде ұсынуы керек.

Коммерциялық банктердің активті операциялары келесідей түрлерге бөлінеді:

1. Несиелік операциялар;
2. Инвестициялық операция, яғни бағалы қағаздар бойынша;
3. Қаржылық операциялар (лизинг, факторинг, форфейтинг);
4. Кассалық операциялар
5. Делдалдық-комиссиондық операциялар.

Коммерциялық банктердің екінші басты қызметі – экономиканы және халықты несиелендіру [5]. Бұл қызмет банктік қызмет көрсету аясындағы маңыздыларға және банктің активті операцияларына жатады. Банктің несиелік операциялары негізінде несиелік портфель құрылады. Банктің несиелері біршама табысты және тәуекел дәрежесі де жоғары болып табылады. Несиелік операция банктің операцияларының жалпы басым бөлігін (80%) құрайды [6]. Бұл мақаладан түйетініміз, қазіргі нарық заманында банктегі активті операциялар халық үшін маңызды. Сол активті операцияны дұрыс басқара алатын болсақ, халық үшін тигізер пайдасы мол деп айтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Вендров А.М. Проектирование программного обеспечения экономических информационных систем. Учебник, М: Финансы и статистика, 2000-352б
2. Управление финансовыми рисками. Учебное пособие для подготовки к сдаче международного экзамена FinancialRiskManager (FRM), Москва, исследовательская группа “РЭА – Риск- Менеджмент” 2003-283б
3. «Банковское дело» Лаврушина О.И. ФиС, 1998.
4. «Банковское дело» Платонов В.И. Хиггис М. Москва: Консалт Банкир, 1998
5. «Банковское дело» под ред. Сейткасымова Г.С. Алматы: Қаржы-қаражат, 1998ж
6. Кондрашов Ю.Н. Введение в проектирование автоматизированных банковских систем, учебное пособие,-М.: Финансы и статистика, 1996.

ҚАЗАҚСТАН БАНКТІК ТӘЖІРИБЕСІНДЕ «ЖҰМЫС ЖАСАМАЙТЫН» НЕСИЕЛЕР ҚОРЖЫНЫН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бекмұрат Д.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: danajan_b@mail.ru

Несие қоржыны бұл несиелік тәуекелдің әр түрлі факторларына немесе олардан қорғану тәсілдеріне байланысты критерилер бойынша жіктелетін несиелер жиынтығын білдіреді [1].

Несиелік қоржын банктің берген несиелерінің негізінде қалыптасады. Несие қоржындағы қалыптасатын несиелерді оның сапасына, табыстылығына, тәуекелдігіне және өтімділігіне қарай жіктеуге болады. Кез келген коммерциялық банк үшін тиімсіз несиелер қоржыны бұл жұмыс жасамайтын несиелерді құрайтын несиелер қоржыны ретінде қарастырылады.

Қазақстандық банктердің несиелер қоржындарының сапасын және оңтайлы құрылымын қамтамасыз етумен байланысты ахуал соңғы бірнеше жыл бойы өзгерген жоқ. Мемлекет тарапынан белсенді түрде саясат жүргізбейінше және қолдау көрсетілмейінше «жұмыс істемейтін» несиелер мәселесінің шешімі ұзақ жылдарға созылып кетуі мүмкін екендігін дамыған елдердің «нашар» несиелерді басқарудағы тәжірибесі көрсетіп отыр. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның банк секторының бәсекеге қабілеттілігін, оның ішінде, Еуразия экономикалық одақ шеңберіндегі ықпалдасу процестеріндегі бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік нарықтардағы болуы мүмкін болашақ күйзелістер алдында орнықтылығын төмендетуі мүмкін.

«Жұмыс істемейтін» несиелердің жоғары деңгейі банктердің несиелік қоржындарының өсуін тежейтін негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

«Жұмыс істемейтін» несиелердің құрылымын және банктер бойынша бөлуді сипаттайтын мынадай бірқатар басты аспектілерді атап өту керек:

1) заңды тұлғалардың және шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелік қоржыны неғұрлым проблемалық қоржындар болып табылады. Сондай-ақ заңды тұлғалардың «жұмыс істемейтін» несиелерінің үлесіне «жұмыс істемейтін» несиелердің жалпы көлемінің 73,2%-ы, ШОБ субъектілерінің үлесіне 12,7%-ы тиесілі;

2) «жұмыс істемейтін» несиелердің едәуір үлесі екі ірі банкте шоғырланған;

3) салалар бойынша алғанда «жұмыс істемейтін» несиелердің негізгі үлесі құрылыс және жылжымайтын мүлікпен операциялар, сауда сияқты салаларда шоғырланған;

4) банктердің «жұмыс істемейтін» несиелердің құрылымы тұрғысынан алғанда 2012 жылдың аяғындағы жағдай бойынша несиелердің 2/3 жуығы банктер 2006 – 2008 жылдар аралығында берген «жұмыс істемейтін» несиелерден тұрады.

Бұл – неғұрлым несиелік белсенділік және «тәуекелге тәбет» жоғары болған фазасында берілген «ескі проблемалық несиелер» деп аталатындар. Бұл ретте олардың құнын қалпына келтіру мерзімінің ескеруі ескеріле отырып, ауқымды қосымша инвестициялар талап етілуі мүмкін;

5) банктердің тексеру нәтижелеріне сәйкес, 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетел валютасындағы «жұмыс істемейтін» несиелердің үлесі барлық «жұмыс істемейтін» несиелердің 61,6%-ын құрады, ал шетел валютасында берілген несиелер бойынша «жұмыс істемейтін» несиелердің деңгейі шамамен 50%-ға тең болды;

6) банк жүйесі бойынша «жұмыс істемейтін» несиелердің 37%-ын резидент еместерге берілген «жұмыс істемейтін» несиелер құрайды. Резидент еместерге берілген «жұмыс істемейтін» несиелердің негізгі үлесі бір банкке тиесілі;

7) «жұмыс істемейтін» несиелерді провизиялармен жабу деңгейі жүйе бойынша шамамен 70%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта банктердің «жұмыс істемейтін» несиелермен жұмыс істейтін дәстүрлі құралдарымен (қайта құрылымдау, коллекторлық компанияларға өткізу, есептен шығару, өндіріп алу және т.б.) қатар, мынадай тетіктерді пайдалану мүмкіндігі бар:

- «жұмыс істемейтін» несиені Проблемалық несиелер қорына өткізу;

- «жұмыс істемейтін» несиені КАБҰ-ға өткізу;

- проблемалық несиелер бойынша үмітсіз берешекті кешіру.


Өз кезегінде, Ұлттық Банк 2014 жылдан бастап жоғарыда көрсетілген тетіктерді қолдануға заңнамалық шектеулерді жетілдіруге және жоюға бағытталған жұмыс жүргізіп келеді. Негізгі жұмыс оларды пайдалану кезінде салықтық ынталандыруларды арттыруға жұмылдырылады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне егер осы актив (несие) активті баланста тану критерийлеріне барынша

сәйкес келмейтін болса, ол бойынша талап ету құқығы тоқтатылмаған банктерге салық салдарларынсыз активті (несие) есептен шығаруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді.

Проблемалық несиелер қорының қызметі банктер «жұмыс істемейтін» несиелермен жұмыс істеу стратегиясын таңдау кезінде бәсекелестік операциялық ортада жүзеге асырылатын болады. Осыған байланысты, оның бәсекелестік қабілетін және оның банктер үшін ынтымақтасу тартымдылығын жақсартатын негізгі фактор қордың ресурстық әлеуетін жоспарлы түрде ұлғайту болып табылады.

Ұлттық Банк ертерек ден қою шараларын қолдану жөніндегі заңнама шеңберінде банктердің несиелік қоржынындағы «жұмыс істемейтін» несиелердің үлесіне арналған лимиттер (2013 жылдан бастап – несиелік портфелінің 20%-ы, 2014 жылдан бастап – 15%-ы, 2016 ж - 10%) енгізді.

ҚР Ұлттық банкі және Проблемалық несиелер қорының банктермен ынтымақтастықта атқарған жұмыстары нәтижесінде атқарған 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,3 трлн. теңге немесе, банктердің жиынтық несиелік қоржынындағы 90 күннен астам берешегі бар қарыздар үлесі 23,5%-ын құраса, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының несиелік қоржыны бойынша олардың үлесі азайып 9,44%-ды құрады (1-сурет) [2].



Сурет 1. Банк секторының несиелік қоржының сапасы, млрд теңге
Көзі: ҚҰБ есептік материалдары

Ұлттық Банк банктердің несиелік қоржындарының сапасын жақсарту жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «жұмыс істемейтін» несиелер бойынша 10% деңгейінде пруденциялық норматив енгізетін болады.

Проблемалық несиелер қоры өзінің қызметі кезеңінде банктердің жалпы сомасы 19,2 млрд. теңге болатын талап ету құқықтарын бағалады. Алайда несиелерді сатып алу бойынша уағдаластыққа 0,5 млрд. теңге сомаға бір банкпен ғана қол жеткізілді.

Банктер 100%-ға қалыптастырылған провизияларға қарамастан «жұмыс істемейтін» несиелер бойынша талап ету құқықтарын тәуелсіз бағалау компаниясы (ТБК) айқындаған құн ескерілген баға бойынша беруге дайын емес. Орташа алғанда активтердің ТБК айқындаған нарықтық құны банктер ұсынған активтер бойынша банктің талап ету құқықтары бойынша клиенттің жалпы берешегінен 80%-ға төмен болды.

Проблемалық несиелер қорына өткізудің тиісті критерийлеріне сәйкес «жұмыс істемейтін» несиелердің айтарлықтай көлеміне (552 млрд. теңге – ірі банктердің несиелік портфелінің 30%-ы немесе «БТА Банк» АҚ-ты қоспағанда, бүкіл банк жүйесінің несиелік портфелінің 26,2%-ы) қарамастан, банктердің Проблемалық несиелер қорымен тиімді ынтымақтастығына кедергі келтіретін негізгі фактор проблемалық активтің құны болып табылады.

Осылайша, Проблемалық несиелер қоры қызметі тиімділігінің төмен болуы мынадай себептерге байланысты [3]:

1) Проблемалық несиелер қорының және банктің «жұмыс істемейтін» несиенің әділ құнын бағалаудағы айырмашылығы;

2) банктердің кепілдердің бағасын қалпына келтіру бойынша күтулері және, тиісінше, активтерді баланста сақтау, бұл ретте банктер проблемалық активтермен жұмыс бойынша операциялық шығыстарды көтереді;

3) қоржындарындағы «жұмыс істемейтін» несиелердің көлемі үлкен банктерге қатысты қадағалау процесінің жеткілікті түрде қарқынды болмауы;

4) банктердің Проблемалық несиелер қорымен өзара іс-қимылының тиімділігін төмендететін заңнамалық шектеулер (банктік құпия, тыйым салынған кепіл мүлкін қайта тіркеу, мемлекеттік баждар мен алымдарды және бірқатар басқаларын төлеу);

5) Проблемалық несиелер қорының әлсіз капиталдануы және қосымша қаржы ресурстарын (борыштық нарықтарда) тарту әлеуетінің төмен болуына байланысты оның қаржылық мүмкіндіктерінің жеткіліксіз болуы;

6) банктердің «жұмыс істемейтін» несиелерды КАБҰ-ға өткізу тетігінің тартымдылығы (бақылауды сақтау, келісілген бағаны белгілеу қажеттілігінің болмауы, активті пайдаланудан ақша ағындарын алу мүмкіндігі, оны кейіннен неғұрлым жоғары бағаға сату).

Өз кезегінде, Проблемалық несиелер қоры қызметіндегі заңнамалық кедергілер мен шектеулерді 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы ұйымдарының қызметі, екінші деңгейдегі банктердің «жұмыс істемейтін» кредиттері мен активтері, ақша төлемі мен аударымы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде жою көзделіп отыр.

Проблемалық несиелер қорының қаржы ресурстары Қорды капиталдандыру, сондай-ақ Қордың бағалы қағаздарды ықтимал эмиссиялауы үшін республикалық бюджетке Ұлттық қордан мақсатты трансферт есебінен қалыптастырылатын болады.

Бұл ретте Проблемалық несиелер қорының ресурстық мүмкіндіктері 5:1 деңгейінде заңнамалық тұрғыдан шектелген леввередждің тиімділігі нәтижесінде ұлғаяды.

Пруденциялық реттеуге сәйкес Проблемалық несиелер қоры облигацияларының тәуекелі нөлге тең, бұл, өз кезегінде, олардың банктер үшін инвестициялық тартымдылығының өсуіне ықпал етеді.

Проблемалық несиелер қорының облигацияларын банктерді қайта қаржыландыру операциялары бойынша кепілді қамтамасыз ету ретінде Ұлттық Банктің қабылдау мүмкіндігі қосымша ынталандыру бола алады.

«Икемділік» қағидатын ұстануды ескере отырып, активтер сыныбын таңдаудың опциондық тәсілі ұсынылады.

Мәселен, тікелей сатып алу тетігін пайдаланған жағдайда, мынадай критерийлер қолданылады:

- Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғаларына берілген, мерзімі 90 күннен аса өтіп кеткен несиелер;

- несиенің ең аз мөлшері;

- сенімді кепілдерді қоса алғанда, кепілдік қамтамасыз етудің ауқымды тізбесі.

Проблемалық несиелер қоры банктер балансының сапасын жақсарту процесіне негізді қаржыландыруды берген кезде, Қор активтердің (активтер пулының) одан да кең тізбесінен, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке тұлғаларына несиелермен және банк бұрын берілген несиелер бойынша біртектілік қағидатын сақтай отырып, балансына қабылдаған активтермен қамтамасыз етілген активтердің қаржы ағындарына талап ету құқықтарын иеленуі мүмкін.

Банктердің нысаналы тобы банк ауқымының тиімділігі мен жүйедегі «жұмыс істемейтін» несиелер көлемі ескеріле отырып, тұтастай алғанда банк жүйесі үшін несиелер қоржындарын «жұмыс істемейтін» несиелерден тазарту процесінің «мәнділігі» мен «маңыздылығы» қағидатына қарай қалыптастырылатын болады.

Банктердің нысаналы тобына несие портфелінде «жұмыс істемейтін» несиелердің көлемі 10%-дан асатын банктер кіргізілетін болады («жұмыс істемейтін» несиелерінің көлемі көп және Қордың операциялық қызметі үшін тартымды банктерге басымдық берілетін болады).

Сатып алынатын активтің және опцион бойынша қамтамасыз етуді барабар бағалауды пайдалану Проблемалық несиелер қорының болашақ тәуекелдерін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді төмендету тәсілі ретінде AQR (Asset Quality Reviews) тетігі активтердің сапасын айқындау пайдаланылуы мүмкін. Бұл тетік аудиторлық, консалтингтік компаниялардың, кепіл активтерін бағалау жөніндегі сарапшылардың және т.б. кең ауқымын тарту мүмкіндігін болжайды.

Бұл ретте Проблемалық несиелер қоры тәуекелді бағалау үшін өз рәсімдерін пайдаланады және оның деңгейіне қарай ТБК тарту қажеттігі, AQR қолдану қажеттігі не осы тетіктерді пайдаланбау туралы шешім қабылдайды.

Проблемалық несиелер қорының банктермен ынтымақтасуы «жұмыс істемейтін» несиелерді тікелей сатып алуды да, банктің проблемалық активтерді басқару жөніндегі қызметін қаржыландыру мүмкіндігін (негізді қаржыландыру) де көздейді.

Тікелей сатып алу тетігіне, көбінесе, мынадай бірқатар тәуекелдер тән болатындығын атап өту қажет:

- келешекте активтің құны төмендеу және, тиісінше, Проблемалық несиелер қоры үшін зияндар болу тәуекелі;

- активтерді ұстап тұруға, құнын қалпына келтіруге және оларды кейіннен өткізуге шығындардың жоғары болу тәуекелі.

Тәуелсіз бағалаушы компания (ТБК) айқындайтын әділ құн осы бағыттың шеңберінде тәуекелдерді төмендетуде негізгі рөлді атқарады.

Проблемалық активтердің белсенді нарығының жоқтығын ескере отырып, мәмілелерді жүзеге асыруда банк пен Проблемалық несиелер қоры арасында «жұмыс істемейтін» несиенің құнын бағалаудағы айырмашылық айтарлықтай кедергі болуы мүмкін.

Өз кезегінде, тікелей сатып алу процесінің шеңберінде Проблемалық несиелер қоры мен банк арасында «келісілген» бағаға қол жеткізудің мына тетіктері пайдаланылуы мүмкін [3]:

- 1) «жұмыс істемейтін» несиенің әділ құнын айқындау кезінде бірнеше ТБК-тың бағаларын «іріктеу» есебінен мүдделер теңдестігіне қол жеткізілуі мүмкін. Бұл ретте бағалардың барынша тар диапазонын алу үшін ТБК пайдаланатын бағалау рәсімдерінің барабарлығын және олардың бағалау стандарттарына сәйкес келуін айқындайтын тәуелсіз аудиторлық компания тартылуы мүмкін;

- 2) банк үшін «жұмыс істемейтін» несиенің Проблемалық несиелер қоры айқындаған бағасы қолайсыз болған жағдайда, ол оны банктің бағасы бойынша сатып алуы мүмкін. Бұл ретте банк сатып алу бағасы мен Проблемалық несиелер қоры ұсынған баға арасындағы, егер соңғысы төмен болса, айырмаға Проблемалық несиелер қорының әлеуетті зияндарын өтеуді (опцион не кепілдік нысанында) қамтамасыз етеді. Банк «жұмыс істемейтін» несиені байланысты опцион бойынша тәуекелдерді тануды жүзеге асыратынын атап өту қажет. Бұл ретте, аталған несиелер бойынша құнсызданудың елеулі деңгейін ескере отырып, бұл тану ішінара іске асырылады және банктің несие қоржынындағы «жұмыс істемейтін» несиелер деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады.

Опцион бойынша қамтамасыз етудің қажеттілігі мәміле талаптарымен және банк тарапынан міндеттемелерді орындау тәуекелдерімен айқындалатын болады. Бұл ретте ақша қаражаты, банктің несиелер («жұмыс істемейтін» несиелерді қоспағанда) бойынша талап ету құқықтары, акциялардың кепілі не басқа да өтімді активтер Проблемалық несиелер қорының зиянының сомасына кепілдікті (опционды) қамтамасыз ету болуы мүмкін. Банк кепілдіктің (опционның) қолданылуы кезеңінде (10 жылдан астам емес) дивиденттерді бөліп таратуда шектелуі мүмкін. Проблемалық несиелер қоры ынтымақтастықтың осы бағыты

шегінде инвесторларды іздеумен қоса банктердің өздерін де, «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ сияқты мемлекеттік қатысуы бар ұйымдарды қоса алғанда, активтерді басқару жөніндегі арнайы компанияларды да тартуы мүмкін.

«Жұмыс істемейтін» несиелердің құнын қалпына келтірудің тиімді процесіне жәрдемдесу мақсатында Проблемалық несиелер қорының банктерге қаржы ресурстарын беру мүмкіндігі көзделген, ол банктердің активтердің сапасын жақсарту бойынша олардың қызметіне себепші болды. Бұл бағыт қаржы ресурстарын берудің және Проблемалық несиелер қоры мен банк арасында тәуекелдерді бөлудің түрлі нысандарынан тұрады. Банктердің Проблемалық несиелер қорымен ынтымақтастығының төменде сипатталған элементтерінің диапазонын нақты шарттық құқықтық қатынастарды белгілеу кезінде олардың түрлі әрекеттерін болжай отырып шектемейді және тарылтпайды:

1) осы бағыт шеңберіндегі негізгі әсер банктердің өз құзыреттерін және олардың Қордың ресурстық әлуетімен толықтырылған операциялық мүмкіндіктерін белсенді пайдалану есебінен қол жеткізілетін болды. Активтер банктің басқаруына не КАБҰ-ның басқаруына беріледі, сондай-ақ банк секьюритилендіру қағидаттарымен құрған арнайы қаржы компаниясына (АҚК) бөлінуі мүмкін;

2) Проблемалық несиелер қоры банктің несиелерін (сенімгерлік басқаруға кері бере отырып) немесе АҚК облигацияларын ақшаға және (немесе) меншікті облигацияларына айырбастай отырып иеленеді;

3) Проблемалық несиелер қоры тарапынан негізді қаржыландыру қаржы ресурстарының уақытша құнын ескеруі тиіс;

4) негізді қаржыландыруды беру шеңберінде Проблемалық несиелер қорының ықтимал қосымша зияндары (қаржы ресурстарының уақытша құнын қоса алғанда) банк не оның акционері тарапынан кепілдік (опцион) есебінен Проблемалық несиелер қоры зиянының сомасына жабылады. Опцион бойынша қамтамасыз ету қажеттілігі мәміле талаптарында және банк тарапынан міндеттемелерді орындау тәуекелдерімен айқындалады. Бұл ретте Проблемалық несиелер қорының зиян сомасына кепілдікті (опционды) қамтамасыз ету банктің ақша қаражаты, несиелер («жұмыс істемейтін» несиелерды қоспағанда) бойынша талап ету құқықтары, акциялар кепілі не басқа өтімді активтер бола алады. Опционның қолданылу кезеңіне (10 жылдан аспайтын) банк дивидендтерді бөлуде шектелуі мүмкін;

5) банк тарапынан кепілдіктің (опционның) болуы «жұмыс істемейтін» несиелермен байланысты тәуекелдерді банктің балансында көрсету қажет. Банктің балансын тиісінше жақсарту Проблемалық несиелер қорының зияндарын банктің акционерлері не үшінші тарап жабуының болуы есебінен қол жеткізу мүмкін болады, себебі бұл жағдайда тәуекелдер қаржылық топ немесе үшінші тарап деңгейіне өтеді;

б) банктің негізді қаржыландыру бағдарламасына қатысуы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келуі талабымен қалыптастырылған провизиялар шегінде «жұмыс істемейтін» несиелер есептен шығаруды көздейді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген түзетулерді ескере отырып есептен шығару бойынша операцияларды банктер салықтық салдарсыз жүзеге асыра алады. Өз кезегінде, қадағалау процесі шеңберінде активтерді баланста барабар және әділ тану бойынша банктің іс-әрекеттерінің қажетті жеткіліктілігі бағаланатын болады.

Жоғарыда ұсынылған ынтымақтастық тетіктерінің шеңберінде Проблемалық несиелер қоры өз қызметінде «жұмыс істемейтін» несиелердің құнын айқындау тетігіне икемді қарайтын болады. Атап айтқанда, бірақ онымен шектелмей, бағаны айқындаудың мынадай форматтары мүмкін болады:

- баланстық құны бойынша;
- ТБК айқындаған әділ құны бойынша;
- активтердің белгілі бір сыныбына белгіленген дисконты қолдану арқылы.

Қорыта айтқанда жоғарыда көзделген шараларды іске асырудан Проблемалық несиелер қоры қызметінің тиімділігін арттыру күтіледі, атап айтқанда:

- 1) Қордың ресурстармен қамтамасыз етілуінің артуын, банктермен жұмыстың икемді тетіктері тізбесінің болуын ескере отырып, жекелеген банктердің, сол сияқты тұтастай алғанда банк жүйесі бойынша «жұмыс істемейтін» несиелердің мақсатты деңгейіне (10%-дан аспайтын) қол жеткізуге айтарлықтай үлес қамтамасыз етіледі;
- 2) проблемалық активтердің құнын айқындау практикасын жақсартуға жәрдемдесу;
- 3) активтердің қоржынын секьюритилендіру кезінде қаржы құралдарының бағасын белгілеуде бағдардың қалыптасуына жәрдемдесу;
- 4) «жұмыс істемейтін» несиелердің айналысы нарығын қалыптастыруға жәрдемдесу.

Әдебиеттер:

1. Рид Э., Коммерческие банки. - Москва, 2010. 357 с.
2. ҚР Ұлттық банкінің 2008-2015жж есептік материалдары.
3. «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ жұмыс істеу тұжырымдамасы // ҚР Ұлттық банкінің 2014 жылғы 27 мамырдағы 96 қаулысымен бекітілген

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕ САЯСАТТАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Сырашов Б.

«Қаржы академиясы» АҚ, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: syrashov@mail.ru

Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Тұрғын үй құрылысы Қазақстанның дамуында басты бағыттарының біріне айналуға қолжетімді тұрғын үй құрылысының тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның құнын арзандатпай, тұрғын несиесі мерзімінің ұзартпай және несиелеу мөлшерлемесін төмендетпей ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту мүмкін емес. Бұл мақсатқа тек тұрғын үйді ипотекалық несиелеуді жетілдіру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Әрине бұл мәселелер Қазақстандағы тұрғын үйді ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайына байланысты туындап отырғандығы анық.

Ипотекалық несиелендіру жүйесі өзінің қызмет етуі барысында мынадай үш басты қызмет атқарады:

1. Тұрғын үй несиелерін қаржыландыруға қажетті қаражаттармен қамтамасыз ету;
2. Тұрғын үй несиелерін беру және оларға қызмет көрсету;
3. Инвестордың қызметін атқару.

Осыған байланысты еліміздегі өзекті мәселелердің бірі осы аталмыш саланы одан әрі жетілдіріп, өркендету, несие беру. Екінші деңгейлі банктердің жүргізіп жатқан несие саясатының арасында да соңғы жылдары шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелер көлемінің қарқынды өсіміне қол жеткізуге мүмкіндік туды. Ұлттық банк тарапынан шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуді ұлғайту коммерциялық банктердің қызметтеріне жанама әсер ету арқылы жүргізіледі. Несиелік мониторинг несиені берген күннен бастап, оны толық қайтарғанға дейін бақылауды және қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін үнемі талдап отыруды, несие сапасының төмендеуі немесе несиелік келісім - шарттың бұзылуы анықталған жағдайларда тиісті шаралар қолданылуды қамтитын банктің күнделікті жұмысы.

Несиелік мониторингті жүргізуге арналған ақпарат көзіне мыналар жатады:

- банкте жинақталған қарыз алушы туралы ақпараттар;
- қарыз алушыдан алатын ақпараттар;
- өзге көздерден алынатын ақпараттар (жабдықтаушылардың, сатып алушылардан,